



2021.05.01

№ А-1/1

Баспадан шығарылған

Түпнұсқадан шығарылған

Ақкөл, Егіндікөл, Ерейментау,
Жақсы, Қорғалжып,
Сандықтау, Целиноград
аудандарының мемлекеттік
білім беру мекемелері мен
кәсіпорындарының атауларын
өзгерту туралы

Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы, «Мемлекеттік мүлік туралы» 2011 жылғы 1 наурыздағы заңдарына сәйкес, Ақмола облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес, Ақкөл, Егіндікөл, Ерейментау, Жақсы, Қорғалжып, Сандықтау, Целиноград аудандарының мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының атаулары өзгертілсін.

2. Қоса беріліп отырған:

- 1) «Ақмола облысы білім басқармасының Ақкөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 2) «Ақмола облысы білім басқармасының Егіндікөл ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 3) «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 4) «Ақмола облысы білім басқармасының Жақсы ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 5) «Ақмола облысы білім басқармасының Қорғалжып ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 6) «Ақмола облысы білім басқармасының Сандықтау ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің;
- 7) «Ақмола облысы білім басқармасының Целиноград ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің ережелері бекітілсін.

021018

3. Қоса беріліп отырған Ақкөл, Егіндікөл, Ерейментау, Жақсы, Қорғалжып, Сандықтау, Целиноград аудандарының білім беретін коммуналдық мемлекеттік мекемелері мен мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорындарының жартылары бекітілсін.

4. «Ақмола облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен белгіленген тәртіпте Ақмола облысының тіркеуші органдарында жоғарыда көрсетілген мемлекеттік білім беру мекемелері мен кәсіпорындарының мемлекеттік қайта тіркелуін қамтамасыз етсін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақмола облысы әкімінің орынбасары А.Е. Мысырәлімоваға жүктелсін.

6. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Ақмола облысы әкімінің
міндетін атқарушы

М. Тәткеев



